

**"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасаумен шығындарды жоспарлау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 344 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 маусымда № 7037 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020 № ҚР ДСМ-309/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5946 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының № 7 актілер жинағында жарияланған, 2010 жыл; Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының бюллетені, 2010 ж.; № 9; 384-құжат) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау әдістемесінде:

1) 5-бөлім мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

### **"5. Бастапқы медициналық-санитариялық көмектің тарифіне қосымша компонентті қалыптастыру**

19. БМСК тарифіне қосымша компонентті қалыптастыруға шығындарды жоспарлау мынадай міндеттерді орындауға бағытталған:

1) БМСК медицина қызметкерлерін материалдық көтермелеуге бағытталатын қол жеткізілген нәтижелері үшін БМСК ұйымдарын қаржыландыру үшін жан басына шаққандағы нормативтің ынталандыру құрамдастырушысын анықтау;

2) БМСК медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

20. БМСК тарифіне қосымша компонент – бастапқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыру қызметінің нәтижесін ескеретін БМСК тарифінің құрамдастырушысы.

21. Тарифіне қосымша компонентті төлеуге қатысушылар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - Денсаулық сақтау министрлігі):

БМСК тарифіне қосымша компонент жүйесін әзірлеу кезінде іс-шараларды үйлестіреді;

БМСК тарифіне қосымша компонент жүйесін жетілдіреді;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтау басқармаларымен (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы) ұсынылған БМСК ұйымдарының жұмыс нәтижелері жөніндегі мәліметтердің нақтылығын тексергеннен кейін өңірлер бөлігінде БМСК ұйымдарының жұмысының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша БМСК тарифіне қосымша компоненттің сомасын бөледі;

2) Денсаулық сақтау басқармасы:

өңір деңгейінде БМСК тарифіне қосымша компонент жүйесін енгізеді;

өңір деңгейінде жүйеге қатысушылардың қызметін басқарады және үйлестіреді;

есептік кезеңдегі индикаторларды бағалаудың негізінде БМСК әрбір ұйымы үшін ынталандырушы құрамдас бөлік бойынша төлемдердің мөлшерін есептейді және бекітеді;

төлемдерді бақылауды жүзеге асырады;

БМСК тарифіне қосымша компонент жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындайды және Денсаулық сақтау министрлікке ұсыныстарды енгізеді;

БМСК тарифіне қосымша компонент мәселелері бойынша БМСК ұйымдарының өтініштерін қарайды;

3) БМСК ұйымдары:

БМСК көрсету сапасын арттырады;

басқарушылық шешімдерді қабылдайды және медициналық қызметтердің сапасын үздіксіз арттыру жүйесін жетілдіреді;

БМСК тарифіне қосымша компонент қаражатты мақсатқа сай пайдаланады.

22. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары жұмысының қорытындысы осы әдістемеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес БМСК ұйымдары нәтижелерінің қол жеткізілген нәтижелерін бағалау индикаторлары және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау арқылы есептеледі.

23. БМСК ұйымдары жұмысының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау индикаторларын бағалау алдыңғы сәйкес кезеңмен салыстырмалы деректерін бағалаумен құрылады.

24. Индикаторлардың мәніне әсер ететін жағдайлар "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі", "Онкологиялық ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі", "Стационар" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ААЖ) бағдарламалық кешені, "Жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің ұлттық тіркелімі", "Ана мен бала" ААЖ деректер базасында (бұдан әрі – деректер базасы), сондай-ақ медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау нәтижесі бойынша қалыптасады.

25. Әрбір өңір бөлігіндегі индикаторлардың мәніне әсер ететін жағдайлар бойынша жиынтық ақпарат шынайы уақыттың режимінде "Бастапқы медициналық-санитариялық көмек тарифіне қосымша компонент порталы" бағдарламалық кешеніне (бұдан әрі – Портал) орналастырылады.

Денсаулық сақтау министрлігінің тұрақты жұмыс істейтін БМСК тарифіне қосымша компонентті енгізу жөніндегі жұмысшы топ әрбір өңір бөлігіндегі индикаторлардың мәніне әсер ететін медициналық көмек жағдайларын талдауды жүзеге асырады және талдау нәтижесі бойынша алдын ала деректер Порталға есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күні орналастырылады.

26. Ай сайын денсаулық сақтау басқармасы "Денсаулық сақтауды дамытудың республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын техникалық қолдау кезінде индикаторлардың мәніне әсер ететін медициналық көмек жағдайларын талдауды және мониторингін қамтамасыз етеді.

27. Денсаулық сақтау басқармасының жанында нәтижелерді бағалау және төлемдері төлеу жөніндегі комиссиясы индикаторлардың мәніне әсер ететін медициналық көмек жағдайлар бойынша алдын ала деректерді қарайды, соның нәтижесі бойынша Денсаулық сақтау басқармасы осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне Денсаулық сақтау министрлігіне келісуге ұсынады.

28. Денсаулық сақтау министрлігінің тұрақты жұмыс істейтін БМСК тарифіне қосымша компонентті енгізу жөніндегі жұмысшы тобы ұсынылған ақпаратты индикаторлар мәнінің медициналық қызмет көрсету саласындағы деректер

базасы мен мемлекеттік бақылау нәтижелеріне сәйкестік мәнін талдайды. Негізделмеген сәйкес келмеушілік анықталғанда мәндер түзетіледі.

29. Өңірлердің бөлігіндегі БМСК ұйымдарының жұмысының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау қорытындысы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық технологияларды стандарттау және бағалау мәселелері жөніндегі Сараптама кеңесінің шешімімен бекітіледі, Сараптама кеңесінің құрамы және ол туралы ережесі "Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің Стандарттау және медициналық технологияларды бағалау жөніндегі сараптамалық кеңестің қызметін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 139 бұйрығымен бекітілген. Өңіраралық түзетуді талап ететін БМСК тарифіне қосымша компоненттің сомасын Денсаулық сақтау министрлігінің ведомствоішілік бюджеттік комиссиясы бекітеді, ведомствоішілік бюджеттік комиссияның құрамы және ол туралы ережесі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомствоішілік бюджет комиссиясының құрамын және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 13 ақпандағы № 87 бұйрығымен бекітілген.

БМСК ұйымдары жұмысының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау қорытындысы есептік кезеңнен кейінгі 12-күннен кешіктірмей Порталға орналастырылады.

30. Денсаулық сақтау басқармасының жанында нәтижелерді бағалау және төлемдері төлеу жөніндегі комиссиясы есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей БМСК медициналық ұйымдарының бөлігінде әрбір индикатор бойынша мәнді тіркейді және осы Әдістемеге 35-тармаққа сәйкес индикатор бойынша сол немесе өзге мәндерге қол жеткізуге сәйкес БМСК ұйымдары үшін ынталандырушы төлемдердің мөлшерін есептеуді жүзеге асырады.

31. Денсаулық сақтау басқармасы Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес БМСК ұйымының ынталандырушы құрамдас бөлігінің сомасын төлеуді бекітеді және жүргізеді.

32. БМСК ұйымдары құрылымдық бөлімшелер бойынша ынталандырушы төлемдердің мөлшерін бөледі. Ынталандырушы құрамдас бөлік сомасын төлеу негізгі еңбек ақыны беру кезінде жүзеге асырылады.

33. Денсаулық сақтау басқармасы БМСК тарифіне қосымша компоненттің сомасын төлеу нәтижелері бойынша есепті әзірлейді және Министрлікке осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне жібереді.

34. Денсаулық сақтау басқармасы БМСК тарифіне қосымша компоненттің сомасын бөлу қорытындысы бойынша БМСК ұйымдарының жұмысының қол

жеткізілген нәтижелерін бағалаудың әрбір индикаторы бойынша қалыптасқан көлем деңгейін сараптамалық бағалауды жүзеге асырады, БМСК ұйымдарының қызметінің көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шараларды белгілейді және іске асырады. Осы шараларды іске асыру денсаулық сақтау басқармасының басшысымен әзірленген және бекітілген жоспары негізінде одан арғы ай сайынғы есептілік тапсырумен жүзеге асырылады.

35. БМСК тарифіне қосымша компонентті анықтау мынадай алгоритм арқылы жүргізіледі:

осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес БМСК әрбір ұйымының индикаторлар мәнінің ықпалдасқан (комплекттік) көрсеткішін балмен анықтау;

осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес БМСК әрбір ұйымы үшін ынталандыру үстемесі сомасын теңгемен анықтау.

36. Денсаулық сақтау басқармаларының лауазымды тұлғаларға өзінің лауазымдық міндеттерінің тиісті орындамағаны, БМСК ұйымдарының жұмыс нәтижелері туралы жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жауапкершілік жүктеледі.";

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жазылсын;

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті оны заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден кейін осы бұйрықты ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2011 жылғы 1 қаңтардан туындаған қатынастарға таралады.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.Д. Құрманғалиеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2011 жылғы 1 маусымдағы  
№ 344 бұйрығына  
1-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау әдістемесіне 2-қосымша

## Бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары жұмыстарының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау индикаторлары

№	Атауы	Есептеу формуласы		Нешеге санауға	Коэффициент	Деректер көзі алымы
		бөлінгіш	бөлгіш			
1	2	3	4	5	6	7
1.	Бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – БМСК) деңгейінде алдын алуға болатын тіркелген халықтың арасындағы ана өлім-жітімі жағдайларының үлес салмағы	Есепті кезеңге сараптамалық расталған алдын алуға болатын себептерден ана өлім-жітімінің саны	Ұрпақты болу жасындағы тіркелген әйелдер саны	100 ҰЖӨ шаққанда	3	БМСК деңгейінде алдын алуға болатын МФҚБК АД расталған өлім фактісі, №200/е-02 нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық А на өлім-жітімін есепке алу картасы", "1 жасқа дейінгі туған, қайтыс болған нәрестелердің, а на өлім-жітімінің мониторингі туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 665 бұйрығымен бекітілген бұдан әрі - № 665 бұйрық)

1.1	Оларға жүктілік қарсы көрсетім болатын ЭГП бар ҰЖӨ жүктілік жағдайы	Тіркелген халықтың арасында оларға, жүктілік қарсы көрсетім болатын ЭГП бар, жүкті ҰЖӨ емдеуге жатқызу жағдайларының саны	Тіркелген халықтың арасындағы емдеуге жатқызылған жүкті әйелдердің жалпы саны	100 %	2	ЭГП бар жүкті әйелдердің емдеуге жатқызу жағдайлар, әдістеменің 3 қосымшаның №2 кестеде көрсетілген АХЖ-10 кодтарға сәйкес Стационардан шыққан адамның статистикалық картасы" № 066/е нысаны бұдан әрі - № 066/е н.) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 2. қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген бұдан әрі - № 907 бұйрық)
1.2	(15-18 жас) жасөспірімдік жағдайдағы жүктілік	Есепті кезеңде тіркелген халықтың арасында жас өспірімдер жүктілігімен (15-18 жас) емдеуге жатқызу жағдайының саны	Өткен есепті кезең алдында тіркелген халық арасында жас шамасы 15-18 жастағы емдеуге жатқызылған жүкті әйелдердің жалпы саны	100 жасөспірімге шаққанда	2	№ 066/е н. – 1: -18 жас шамасындағы жасөспірімдер арасында жүктілік туралы деректер
						№066/е н. әдістеменің 3

1.3	Босандыруға қатысты аборт деңгейі	Тіркелген халықтың арасында түсік жағдайының жалпы саны	Тіркелген ҰЖӘ арасында босағандардың жалпы саны	100	2	қосымшаның №3 кестеде көрсетілген АХЖ-10 кодтарға сәйкес
2.	БМСК (ЖИИ, ЖРИ) деңгейінде алдын алуға болатын 7 күннен 5 жасқа дейінгі балалар өлім-жітімі	БМСК (ЖИИ, ЖРИ) деңгейінде алдын алуға болатын жас шамасы 7 күннен 5 жасқа дейінгі балалар өлім-жітімінің саны	Тіркелген халықтың арасында жас шамасы 7 күннен 5 жасқа дейінгі балалар саны	100	2	1. Өлімнің белгілі бір себептері бойынша 5 жасқа дейінгі кеңейтілген 2009/е-01 н. нан өлім фактісі (№665 бұйрығымен бекітілген) МФҚБКАД БМСК деңгейінде ЖИИ, ЖРИ кезіндегі өлімімен аяқталу әдістеменің 3 қосымшада көрсетілген кодтарға сәйкес)
3.	Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастардың у а қ т ы л ы диагностикаланбауы жағдайларының саны	Тіркелген халық арасында алғаш анықталған өкпе туберкулезімен ауыратын науқастардың у а қ т ы л ы диагностикаланбауы жағдайларының саны	Тіркелген халық арасында өкпе туберкулезімен ауыратын науқастардың алғаш анықталуы жағдайларының саны	100%	1	Т у б . тіркелімдер, туберкулездің асқынған нысандарын анықтау ережесі әдістеменің 3 қосымшада 4 кестеде көрсетілген
4.	Тіркелген халықтың арасында орны көзбен көрінетін 3-4 сатыдағы анықталған қатерлі ісіктер диагнозымен алғаш рет анықталған жағдайлар саны	Тіркелген халықтың арасында орны көзбен көрінетін 3-4 сатыдағы анықталған қатерлі ісіктер диагнозымен алғаш рет анықталған жағдайлар саны	Тіркелген халықтың арасында орны көзбен көрінетін 3-4 сатыдағы анықталған қатерлі ісіктер диагнозымен алғаш рет анықталған барлық жағдайлар саны	100%	2	Онко тіркелім көзбен көру о р н ы кодтарының тізбесі 4 тізбеде көрсетілген



5.	Тіркелген халықтың арасынан жүрек-тамырлар жүйесі, артериялық гипертензия, инсульт - жүрек инфаркті ауруларының асқынуы бар емдеуге жатқызылған тіркелген халықтың арасынан науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	Тіркелген халықтың арасынан жүрек-тамырлар жүйесі, артериялық гипертензия, инсульт - жүрек инфаркті ауруларының асқынуы бар емдеуге жатқызылған тіркелген халықтың арасынан науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі* 100	Тіркелген халықтың арасынан жүрек-тамырлар жүйесі, артериялық гипертензия, инсульт - жүрек инфаркті ауруларының асқынуы бар емдеуге жатқызылған тіркелген халықтың арасынан науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	100%	1	№ 066/е
6.	Өткен есепті кезеңмен салыстырғанда негізделген шағымдардың жалпы саны	есепті кезеңдегі негізделген шағымдардың саны	есепті кезеңдегі негізделген шағымдардың жалпы саны	100%	0,5	МФҚБК

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Ұрпақты болу жасындағы әйелдер - ҰЖӘ

МФҚБК АД – Медициналық фармацевтикалық қызмет бақылау Комитеті  
аумақтық Департаменті

ЭГП - Экстрагениталдық патология

АХЖ - ауруларының халықаралық жіктеуші

ЖИИ – жедел ішек инфекциясы

ЖРИ - жедел респираторлық инфекциясы

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2011 жылғы 1 маусымдағы  
№ 344 бұйрығына  
2-қосымша  
Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде көрсетілетін  
медициналық қызметтерге  
арналған тарифтер жасау мен  
шығындарды жоспарлау  
әдістемесіне 3-қосымша

**Бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары жұмыстарының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау индикаторларын есептеу кезінде есепке алынатын АХЖ-10 кодтарының тізімі**

**Кесте № 1. № 1 тізбе - Бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі - БМСК) деңгейінде алдын алуға болатын ана мен бала өлім-жітімін индикаторларын есептеу кезінде есепке алынатын АХЖ-10 аурулары үшін кодтардың тізбесі**

АХЖ № -10 коды	Аурулардың атауы
1. A02 - A04	Басқа сальмонеллалық жұқпалар, шигеллез, ішектің бактериялық басқа жұқпалары
2. A08 - A09	Ішектің вирустық және анықталған басқа жұқпалары, іш өту мен асқазан-ішектің жұқпалы деп болжанған дерттері
3. J00 - J22	Мұрын-жұтқыншақтың жіті қабынуы [мұрын біту], қойнауы жіті қабынуы, жұтқыншақтың жіті қабынуы, бадамшаның жіті қабынуы [баспа], көмей мен кеңірдектің жіті қабынуы, көмейдің жіті обструкциялық қабынуы [қыспақ] және, эпиглоттит, жоғарғы тыныс жолдарының көптеген және орналасу орны анықталмаған жіті жұқпалары, нақтыландырылған тұмау вирусы тудырған тұмау, тұмау, вирус нақтыландырылмаған, басқа айдарларда жіктелмеген вирусты пневмония, Streptococcus pneumoniae тудырған пневмония, haemophilus influenzae [Афанасьев-Пфейффер таяқшасы] тудырған пневмония, басқа айдарларда жіктелмеген бактериялық пневмония, басқа айдарларда жіктелмеген, басқа жұқпалы қоздырғыштар тудырған пневмония, басқа айдарларда жіктелген аурулар барысындағы пневмония, қоздырғышы анықталмаған пневмония, жіті бронхит, жіті бронхиолит, төменгі тыныс жолдарының респираторлық анықталмаған жіті жұқпасы
4. K59.1	Ішектің қызметтік бұзылулары

**Кесте № 2. № 2 тізбе – "ЭКГ-мен әйелдердің жүктілігі" индикаторын есептеу кезінде есепке алынатын жүктілікке мүлдем қарсы көрсетім болатын аурулар үшін АХЖ-10 кодтарының тізбесі**

АХЖ № -10 коды	Аурулардың атауы
1. A15, A16, A17, A18, A19	белсенді және жайылған өкпе және өкпеден тыс туберкулезінің барлық формаларының асқынған түрлері, кең ауқымды және көптеген дәрілерге көнбейтін түрлері немесе қант диабетімен қосарланған түрлері.
2. A15	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған тыныс алу ағзаларының туберкулезі
3. C00- C97	барлық жерде қазіргі кездегі қатерлі ісіктердің барлық орнығулары
4. D60- D61	апластикалық анемия
D65, D68.2 -68.9,	

5.	D69.1 , D69.6 -69.9	жиі қайталанатын немесе ауыр өтетін пурпура және басқа геморрагиялық жағдайлар
6.	F01- F03, F05.1, F06.0	органикалық, симптоматикалық, психикалық бұзылыстарды қоса
7.	F10.5 -7, F11.5 -7, F12.5 -7, F13.5 -7, F14.5 -7, F15.5 -7, F16.5 -7, F17.5 -7, F18.5 -7, F19.5 -7	психикалық бұзылыстар және психоактивті заттарды пайдалануына байланысты мінездерінің бұзылыстары
8.	F20.0 -2, F22	шизофрения, шизотиптік және сандырақ бұзылыстары
9.	F71- F73	Ақыл-ес кемістігі
10.	G40- G41	психикалық бұзылыстар белгілермен эпилепсия
11.	B69	цистицеркоз, тұқым қуалайтын нервтік-бұлшықеттік аурулар
12.	G30- G32	ОЖЖ дегенеративті аурулары
13.	G12.2	қозғалыс нейронының ауруы
14.	G35	таралған склероз
15.	G37	басқа деменциялық аурулар
16.	G70, G73	миастения және миастениялық синдромдар
17.	G61.0 , G61.8	Гийен-Барре синдромы, басқа қабынба невропатиялар

18	H46	көру жүйесінің невриті
19	H47.0	ишемиялық екі жақты нейропатия
20	H36.0	рецидивирующий гемофтальм на фоне диабетической ретинопатии
21	H35.0	рецидивті гемофтальм диабеттік ретинопатии фонында, гипертониялық ретинопатия фонында
22	I01.0-2, I01.8-9	жедел ревматоидтық қызба
23	I50.0-1, I50.9	НҮНА бойынша III-IV созылмалы жүрек жетіспеушілігімен және/немесе өмірге қауіпті жүрек ырғағының және өткізгіштігінің бұзылуымен асқынған жүректің туа және жүре пайда болған кемістіктері
24	I11.0, I12.0, I13.0-2, I13.9	II-III дәрежелі гипертониялық ауру, және қатерлі ағымы
25	I25	ишемиялық жүректің ауруы, түзетуге келмейтін (консервативті немесе хирургиялық әдістермен)
26	I27.0	өкпелік жүрек жеткіліксіздігімен қабаттасқан біріншілік өкпе гипертензиясы
27	I50.0-50.1, I50.9	Жүрек функциясының іркілістік жеткіліксіздігі
28	I33.0, I33.9	жіті және жітілеу эндокардит
29	I40, I42, I46, I49, I50.0-1, I50.9	НҮНА бойынша III-IV дәрежелі созылмалы жүрек функциясы жетіспеушілігімен және/немесе өмірге қауіпті жүрек ырғағының және өткізгіштігінің бұзылуымен асқынған миокардиттер, кардиомиопатиялар және/немесе өмірге қауіпті жүрек ырғағының және өткізгіштігінің бұзылуымен, НҮНА бойынша III-IV дәрежелі жүрек функциясының жетіспеушілігі белгілерімен жүрек қақпақшаларын протездеуден кейін жүрек функциясының жетіспеушілігі белгілері бар миокардиттер мен кардиопатиялар
30	I49, I46	жүрек ырғағының өмірге қауіпті бұзылыстары
31	I71.0-9	аневризма және аорта қабаттарының ажырауы
32	I01.0-2, I01.8, I01.9, I27.0	митралдық комиссуротомиядан кейінгі рестеноздың туындауы мен НҮНА бойынша III-IV дәрежелі созылмалы жүрек функциясы жетіспеушілігімен және/немесе өмірге қауіпті жүрек ырғағының және өткізгіштігінің бұзылуымен қоса өкпе гипертензиясы және ревматизмнің өршуі

33	J45, J96.1	бронх демікпесі, ауыр ағымды, ТЖ III дәрежесі

34	J43.1, J96.1	Көпіршікті эмфизема, ТЖ III дәрежесі
35	Q33.6, J96.1	өкпенің кистозды гипоплазиясы, жайылмалы түрі, ауыр ағымды, ТЖ III дәрежесі
36	J47, J96.1	өкпенің бронхоэктазиялық ауруы, ТЖ III дәрежесі, өкпенің лимангиолеймиоматозы, ТЖ III дәрежесі
37	J84.9, J96.1	идиопатиялық фиброздаушы альвеолиті, ТЖ III дәрежесі, біріншілік өкпе гипертензиясы, ТЖ III дәрежесі
38	K22.2	өңештің тарылуы мен стенозы
39	K21	ойық жарасы және стриктурасымен асқынған ГЭРА - өңеш ауруы, Баррет өңеші
40	K31.2, K31.5	асқазан, 12 елі ішек аурулары, қан кетумен асқынған ойық жарасы хирургиялық емдеуден кейінгі пайда болатын стеноз
41	K50.8	асқыну сатысындағы Крон ауруы (сауығу сатысында жеке тәртіппен шешу)
42	K71-2, K71.5, K71.7, K71.9, K74-6	асқыну сатысындағы жіті және созылмалы бауыр аурулары, ауыр ағымды; декомпенсация кезеңіндегі бауыр циррозы
43	K86.1, K86.6	ауыр дәрежелі (фиброз сатысы) сіңіру бұзылысымен және айқын секреторлық функциясының бұзылуымен өтетін созылмалы панкреатит
44	N00	жедел гломерулонефрит
45	N08.3	IV, V сатыдағы диабет нефропатиясы
46	O98 - O99	Басқа айдарларда жіктелген, бірақ жүктілікті, босану мен босанудан кейінгі кезеңді асқындыратын ананың жұқпалы және паразиттік аурулары, басқа айдарларда жіктелген, бірақ жүктілікті, бала тууды немесе босанудан кейінгі кезеңді асқындыратын анасының басқа аурулары
47	O24.0, O24.1	Бұрыннан бар инсулин тәуелді қантты диабет, бұрыннан бар инсулин тәуелсіз қантты диабет

**Кесте № 3. № 3 тізбе – "Босануға қатысты аборттардың деңгейі" индикаторын есептеу кезінде есепке алынатын аурулар үшін АХЖ-10 кодтарының тізбесі**

№	АХЖ-10 коды	Аурулардың атауы
1.	O02.0, O02.1, O02.8, O02.9	Өлген ұрық жұмыртқасы мен көпіршікті емес кірме, аяқталмаған түсік тастау, ұрықтанудың анықталған қалыптан тыс басқа өнімдері, ұрықтанудың қалыптан тыс анықталмаған өнімі
2.	O03	Өздігінен болған түсік
3.	O04	Медициналық түсік
4.	O05	Түсіктің басқа түрлері

5.	O06	Анықталмаған түсік
6.	O07-O07.9	Түсік жасауға сәтсіз әрекет
7.	O80.0-O80.9	Нәресте шүйдесімен келгенде өздігінен босанулар, нәресте бөксесімен келгенде өздігінен босанулар, бір ұрықты өздігінен басқа босанулар, анықталмаған, бір ұрықты өздігінен босанулар
8.	O81, O81.0-O81.5	Бір ұрықты босанулар, босандыру қышқаш салу немесе вакуум-экстрактор қолдану арқылы қышқашты төмен салу [шығаберіс], вакуум-экстрактор немесе қышқаш қолдануға сәтсіз әрекет (O66.5)
9.	O82, O82.0-O82.9	Бір ұрықты босанулар, босандыру кесар тілгі арқылы, элективті кесар тілгін жүргізу
10	O83, O83.0-O83.9	Бір ұрықты босанулар, босандыру басқа акушерлік көмекті қолдану арқылы, ұрықты жамбас жағынан ұстап шығарып алу
11	O84, O84.0-O84.9	Көп ұрықты босанулар

#### **Кесте № 4. № 4 тізбе – "Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастарды уақтылы диагностикаламау" индикаторларды есептеу кезінде есепке алынатын аурулар үшін АХЖ-10 кодтарының тізбесі**

Мынадай клиникалық нысандар бойынша туберкулездің асқынған жағдайлары болып алғаш анықталған туберкулезбен ауыратын науқастар есептелуі тиіс:

1) диссеминирленген жітілеу және созылмалы туберкулез (ТБ01 қорытынды клиникалық диагнозының кодынан – 07, 08, 09, 10 кодтар алынады);

2) казеоздік пневмония (ТБ01 қорытынды клиникалық диагнозының кодынан – 15, 16 кодтары);

3) фиброздық-каверноздық туберкулез (ТБ01 қорытынды клиникалық диагнозының кодынан – 21, 22 кодтары);

4) өкпесінің деструктивтік өзгеруі немесе бактерия шығаруы.

№	АХЖ-10 коды	Аурулардың атауы
1.	A 15.7	Бактерия бөлетін алғашқы туберкулезді комплекс
2.	A 16.7	Бактериасыз бөлетін алғашқы туберкулезді комплекс
3.	A 15.4	Бактерия бөлетін кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі
4.	A 16.3	Бактериасыз бөлетін кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі
5.	A 15.0	Бактерия бөлетін ошақталған өкпе туберкулезі
6.	A 19	Жайылған жіті бактерия бөлетін өкпе туберкулезі
7.	A 16.0	Бактериасыз бөлетін ошақталған өкпе туберкулезі
8.	A 15.0	Бактерия бөлетін инфильтративтік өкпе туберкулезі
9.	A 16.5	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген туберкулезді плеврит (оның ішінде емпиема)
10	A 15.5	Көмей, кеңірдек, бронхтар және басқа (мұрынның, мұрын жұтқыншақ) туберкулезі

11	A 19.0	Анықталған, бір орында орналасқан жіті миллиарлы туберкулез
12	A 19.1	Көп орында орналасқан жіті миллиарлы туберкулез
13	A 19.2	Орны анықталмаған, жіті миллиарлы туберкулез
14	A 19.8	Миллиарлы туберкулездің басқа пішіндері
15	A 19.9	Орналасу орны анықталмаған миллиарлы туберкулез
16	A 17	Нерв жүйесінің туберкулезі
17	A 17.0	Ми қабығының туберкулездік қабынуы
18	A 17.8	Нерв жүйесінің орналасу орны басқа туберкулезі
19	A 18.0	Сүйектер мен буындар туберкулезі
20	A 18.1	Несеп-жыныс ағзаларының туберкулезі
21	A 18.2	Туберкулезді шет лимфаденопатия
22	A 18.3	Ішек, ішперде және шажырқай лимфа түйіндерінің туберкулезі
23	A 18	Басқа ағзалар туберкулезі
24	A 18.4	Тері қабаты туберкулезі
25	A 18.5	Көз туберкулезі
26	A 18.6	Құлақ туберкулезі
27	A 18.7	Бүйрекүсті безінің туберкулезі
28	Z 20.0	Науқаспен жанасу немесе ішек жұқпалы ауруын жұқтыру мүмкіндігі
29	Z 20.1	Науқаспен жанасу немесе туберкулез жұқтыру мүмкіндігі

**Кесте № 5. № 5 тізбесі – "Орны көзбен көрінетін 3-4 сатыдағы анықталған қатерлі ісіктер диагнозымен алғаш рет анықталған жағдайлар" индикаторын есептеу кезінде есепке алынатын аурулар үшін АХЖ-10 кодтар бойынша орны көзбен көрінетін ісіктер топографиясының тізбесі**

--	--	--

№	АХЖ-10 коды	Аурулардың атауы
1.	C00	Еріннің қатерлі ісіктері
2.	C00.0	Жоғарғы еріннің сыртқы бетінің
3.	C00.1	Төменгі еріннің сыртқы бетінің
4.	C00.2	Еріннің сыртқы бетінің, анықталмаған
5.	C00.3	Жоғарғы еріннің ішкі бетінің
6.	C00.4	Төменгі еріннің ішкі бетінің
7.	C00.5	Еріннің ішкі бетінің, анықталмаған
8.	C00.6	Ерін дәнекерінің
9.	C00.8	Еріннің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу
10.	C00.9	Еріннің анықталмаған бөлігінің
11.	C01	Тіл түбірінің қатерлі ісігі
12.	C01.9	Тілдің басқа және анықталмаған бөлімдерінің қатерлі ісігі
13.	C02	Тілдің арқашығының
14.	C02.0	Тілдің арқашығының
15.	C02.1	Тілдің бүйірлік бетінің
16.	C02.2	Тілдің төменгі бетінің
17.	C02.3	Тілдің алдыңғы 2/3 бөлігінің анықталмаған
18.	C02.4	Тіл бадамшасының
19.	C02.8	Тілдің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
20.	C02.9	Тілдің анықталмаған бөлімінің
21.	C03	Қызыл иектің қатерлі ісігі
22.	C03.0	Жоғарғы жақ сүйек қызыл иегінің
23.	C03.1	Төменгі жақ сүйек қызыл иегінің
24.	C03.9	9 Анықталмаған қызыл иектің
25.	C04	Ауыз қуысы түбінің қатерлі ісігі
26.	C04.0	Ауыз қуысы түбінің алдыңғы бөлімінің
27.	C04.1	Ауыз қуысы түбінің бүйірлік бөлімінің
28.	C04.8	Ауыз қуысы түбінің көрсетілген бір немесе одан көп орын алу
29.	C04.9	Ауыз қуысы түбінің анықталмаған
30.	C05	Таңдайдың қатерлі ісігі
31.	C05.0	Қатты таңдайдың
32.	C05.1	Жұмсақ таңдайдың
33.	C05.2	Тілшік
34.	C05.8	Жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан таңдайдың зақымдануы
35.	C05.9	Таңдайдың, анықталмаған
36.	C06	Ауыздың басқа және анықталмаған бөлімдерінің қатерлі ісігі
37.	C06.0	Ұрттың сілемейлі қабығының
38.	C06.1	Ауыз кіреберісінің



39.	C06.2	Ретромолярлық аймақтың
40.	C06.8	Жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан ауыздың зақымдануы
41.	C06.9	Ауыздың, анықталмаған
42.	C07	Шықшыт сілекей безінің қатерлі ісігі
43.	C08	Басқа және анықталмаған үлкен сілекей бездерінің қатерлі
44.	C08.0	Төменгі жақ сүйек асты безінің
45.	C08.1	Тіласты безінің
46.	C08.8	Үлкен сілекей бездерінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
47.	C08.9	Үлкен сілекей безінің анықталмаған
48.	C09	Бадамшаның қатерлі ісігі
49.	C09.0	Бадамша шұңқырының
50.	C09.1	Таңдай бадамшасы доғасының (алдыңғы) (артқы)
51.	C09.8	Бадамшаның жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
52.	C09.9	Бадамшаның анықталмаған
53.	C10	Ауыз-жұтқыншақтың қатерлі ісігі
54.	C10.0	Көмей қақпашығы шұңқырының
55.	C10.1	Көмей қақпашығы алдыңғы бетінің
56.	C10.2	Ауыз-жұтқыншақтың бүйірлік қабырғасының
57.	C10.3	Ауыз-жұтқыншақтың артқы қабырғасының
58.	C10.4	Желбезек саңылауының
59.	C10.8	Ауыз-жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
60.	C10.9	Ауыз-жұтқыншақтың анықталмаған
61.	C11	Мұрын-жұтқыншақтың қатерлі ісігі
62.	C11.0	Мұрын-жұтқыншақтың жоғарғы қабырғасының
63.	C11.1	Мұрын-жұтқыншақтың артқы қабырғасының
64.	C11.2	Мұрын-жұтқыншақтың бүйірлік қабырғасының
65.	C11.3	Мұрын-жұтқыншақтың алдыңғы қабырғасының
66.	C11.8	Мұрын-жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
67.	C11.9	Мұрын-жұтқыншақтың анықталмаған
68.	C12	Алмұрт тәрізді қойнаудың қатерлі ісігі
69.	C13	Жұтқыншақтың [көмей-жұтқыншақтың) төменгі бөлігінің қатерлі ісігі
70.	C20	Тік ішектің қатерлі ісігі
71.	C21	Артқы өтіс [анустың] пен артқы өтіс өзегінің қатерлі ісігі. Тік ішек ампуласының (кеңейген жері)
72.	C21.0	Артқы өтістің, орны анықталмаған
73.	C21.1	Артқы өтіс арнасының
74.	C21.2	Клоакатекті аймақтың

75.	C21.8	Тік ішектің, артқы өтістің [анустың] және артқы өтіс өзегінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
76.	C30	Мұрын қуысы мен ортаңғы құлақтың қатерлі ісігі
77.	C30.1	Ортаңғы құлақтың
78.	C32	Көмейдің қатерлі ісігі
79.	C32.0	Меншекті дауыс аппаратының
80.	C32.1	Меншекті дауыс аппараты үстінде
81.	C32.3	Көмей шеміршектерінің
82.	C32.8	Жұтқыншақтың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымданулары
83.	C44	Терінің басқа қатерлі ісіктері
84.	C44.0	Ерін терісінің
85.	C44.1	Қабақ дәнекерін қоса алғандағы қабақ терісінің
86.	C44.2	Құлақ терісі мен сыртқы есту өтісінің
87.	C44.3	Беттің басқа және анықталмаған бөліктері терісінің
88.	C44.4	Бастың шашты бөлігі мен мойынның
89.	C44.5	Дене терісінің
90.	C44.6	Иық белдеуі аймағын қоса алғандағы қол терісінің
91.	C44.7	Ұршық аймағын қоса алғандағы аяқ терісінің
92.	C44.8	Терінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымданулары
93.	C44.9	Терінің анықталмаған аймағының қатерлі ісіктері
94.	C50	Сүт безінің қатерлі ісігі
95.	C50.0	Емізік пен ареоланың
96.	C50.1	Сүт безінің орталық бөлігінің
97.	C50.2	Сүт безінің жоғарғы-ішкі квадрантының
98.	C50.3	Сүт безінің төменгі-ішкі квадрантының
99.	C50.4	Сүт безінің жоғарғы-сыртқы квадрантының
100.	C50.5	Сүт безінің төменгі-сыртқы квадрантының
101.	C50.6	Сүт безінің қолтықтық-артқы бөлігінің
102.	C50.8	Сүт безінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
103.	C50.9	Сүт безінің анықталмаған бөлігінің
104.	C51	Сарпайдың қатерлі ісігі
105.	C51.0	Үлкен жыныстық ернеудің
106.	C51.1	Кіші жыныстық ернеудің
107.	C51.2	Деліткінің

108	C51.8	Сарпайдың жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
109	C51.9	Сарпайдың анықталмаған бөлігінің
110	C52	Қынаптың қатерлі ісігі
111	C53	Жатыр мойнының қатерлі ісігі
112	C53.0	Ішкі бөлігінің
113	C53.1	Сыртқы бөлігінің
114	C53.8	8 Жатыр мойнының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
115	C53.9	Жатыр мойнының анықталмаған бөлігінің
116	C54.0	Жатыр қылтасының
117	C54.8	Жатыр денесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
118	C60	Еркек жыныс мүшесінің қатерлі ісігі
119	C60.0	Күпектің
120	C60.1	Еркек жыныс мүшесі басының
121	C60.2	Еркек жыныс мүшесі денесінің
122	C60.8	Еркек жыныс мүшесінің жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
123	C60.9	Орналасуы анықталмаған, еркек жыныс мүшесінің
124	C62	Аталық бездің қатерлі ісігі
125	C62.0	Орнына дейін түспеген аталық бездің
126	C62.1	Төмен түскен атабездің
127	C62.9	Атабездің, анықталмаған
128	C63.0	Атабез қосалқысының
129	C63.1	Енбаудың
130	C63.2	Ұманың
131	C63.7	Ерлердің басқа анықталған жыныс ағзаларының

132	C63.8	Ерлер жыныс ағзаларының жоғарыда көрсетілген бір немесе одан көп орын алу шегінен шығып жатқан зақымдануы
133	C63.9	Ерлер жыныс ағзаларының, орналасуы анықталмаған
134	C69	Көз бен оның қосалқы аппаратының қатерлі ісігі
135	C69.0	Конъюктиваның
136	C69.1	Мөлдір қабықтың
137	C69.2	Торқабықтың
138	C69.3	Тамырлы қабықтың
139	C69.4	Кірпікті [цилиарлық] дененің
140	C77	Лимфа түйіндерінің салдарлық және анықталмаған қатерлі ісігі
141	C77.0	Бастың, беттің және мойынның лимфа түйіндерінің
142	C77.3	Қолтық ойығы мен қолдың лимфа түйіндерінің
143	C77.4	Шап аймағы мен аяқтың лимфа түйіндерінің
144	C77.8	Көптеген орындарда орналасқан лимфа түйіндерінің
145	C77.9	Орналасуы анықталмаған лимфа түйіндерінің
146	C76	Басқа және орналасуы дәл белгіленбеген қатерлі ісік
147	C76.0	Бастың, беттің және мойынның
148	C76.1	Кеуде торының
149	C76.2	Құрсақтың
150	C76.3	Жамбастың
151	C76.4	Қолдың
152	C76.5	Аяқтың
153	C76.7	Басқа анықталмаған орналасулардың

**Кесте № 6. № 6 тізбе – Жүрек-қан тамыры жүйесі: БМСК деңгейінде артериялық гипертензия, миокард инфаркті, инсульт ауруларының**

**асқынуларымен индикаторды есептеу кезінде есепке алынатын аурулар үшін АХЖ-10 кодтарының тізбесі**

№	КБ-10: I10- I13, I20- I21.4 , I60- I66.9	Аурулардың атауы
1.	I10	Эссенциальді (бастапқы) гипертензия <i>Шығарылды:</i> тамырлардың қатыстырылуымен: көздің (I13.0) • мидың (I60-I69)
2.	I11	Жүректің гипертензиялық ауруы [негізінен жүректі зақымдайтын гипертониялық ауру] Жоғары қан қысымы Гипертензия (артериялық), (катерсіз), (эссенциалдық), (катерлі), (алғашқы), (жүйелі) <i>Кіргізілді:</i> I50.-, I51.4-I51.9 айдарларында көрсетілген, гипертензиямен шартталған кез келген жағдайлар
3.	I11.0 - I11.9	Жүрек функциясының (іркілулік) жеткіліксіздігі қабаттасқан, негізінен жүректі зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру. Жүрек функциясының гипертензиялық [гипертониялық] жеткіліксіздігі
4.	I12, I12.0 - I12.9	Негізінен бүйректерді зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру <i>Кіргізілді:</i> N18.-, N19.- айдарларында көрсетілген кез келген, жағдайлар немесе I10 айдарындағы жағдайлардың кез келгенімен тіркескен, N26.- айдарындағы жағдайлар, бүйрек артериосклерозы, артериосклероздық нефрит (созылмалы) (интерстициальді), гипертензиялық нефропатия, нефросклероз, <i>Шығарылды:</i> салдарлық гипертензия (I15.-), Бүйрек функциясы жеткіліксіздігі қабаттасқан негізінен, бүйректі зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру, Бүйрек функциясының гипертониялық, жеткіліксіздігі, Бүйрек функциясы жеткіліксіздігінсіз, негізінен бүйректі, зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру, Гипертониялық аурудың бүйректік түрі, ЖА
5.	I13, I13.0 - I13.9	Негізінен жүрек пен бүйректі зақымдайтын, гипертензиялық [гипертониялық] ауру, <i>Кіргізілді:</i> I12.- айдарындағы жағдайлардың кез келгенімен тіркескен, - айдарында көрсетілген кез келген жағдай, аурулары: • жүрек-бүйрек бүйректік жүрек-тамырлық, Жүрек функциясының (іркілулік) жеткіліксіздігі қабаттасқан, негізінен жүрек пен бүйректі зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру, Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі қабаттасқан негізінен, бүйректі зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру, Жүрек функциясының (іркілулік) жеткіліксіздігі мен бүйрек, функциясының жеткіліксіздігі қабаттасқан негізінен жүрек пен бүйректі зақымдайтын гипертензиялық [гипертониялық] ауру, Негізінен жүрек пен бүйректі зақымдайтын анықталмаған гипертензиялық [гипертониялық] ауру
6.	I20, I20.0 - I20.9	Жүрек қыспасы; Жүректің тұрақсыз қыспасы; Жүрек қыспасы: үдемелі, алғаш пайда болған, кернеулік, кернеулік, үдемелі; Аралық коронарлық синдром; Спазм деп құжатпен расталған жүрек қыспасы; Жүрек қыспасы: • ангиоспастикалық; • Принцметал; • спазммен шартталған; • нұсқалық; Жүрек қыспасының басқа түрлері; Жүректің кернеулік қыспасы; Жүректің анықталмаған қыспасы; Жүрек қыспасы: • ЖА; • cardiac; Ангиноздық синдром; Кеуде ішіндегі ишемиялық ауырсынулар
		Миокардтың жіті инфаргі; <i>Кіргізілді:</i> жіті деп анықталған немесе жіті басталуынан кейін 4 апта ішінде (28 күн) немесе одан аз уақыттың ішінде анықталған миокард инфаргі; <i>Шығарылды:</i> миокард инфаргінен кейін болатын бірқатар өтпелі асқынулар(I23.-); миокард инфаргі: • бұрын болған (I25.2); • созылмалы деп немесе жіті басталуынан соң 4 аптадан (28 күн) кейін анықталған (I25.8); • келесі кезекті (I22.-); инфаргіден кейінгі миокардтық синдром (I24.1); Жүректің алдыңғы қабырғасының жіті трансмуральдық инфаргі; Трансмуралдық инфаркт (жіті):

7.	I21, I21.0 - I21.4	<ul style="list-style-type: none"> <li>• алдыңғы (қабырғасының) ЖА;</li> <li>• алдыңғы қабырға-жүрек ұшылық;</li> <li>• алдыңғы-бүйірлік қабырғалардың;</li> <li>• алдыңғы-қалқалық; Жүректің төменгі қабырғасының жіті трансмуральдық инфаргі; Миокардтың трансмуралдық инфаргі (жіті):</li> <li>• көк еттік қабырғасының;</li> <li>• төменгі (қабырғасын);</li> <li>• төменгі-жанама;</li> <li>• төменгі-артқы; Жүректің басқа, орналасу орны анықталған жіті;</li> <li>• трансмуральдық инфаргі; Трансмуралдық инфаркт (жіті):</li> <li>• жүрек ұшы-бүйірлік,</li> <li>• базальді-латералды,</li> <li>• жоғарғы-бүйірлік,</li> <li>• бүйірлік (қабырғаның) ЖА,</li> <li>• артқы (нағыз),</li> <li>• артқы-базальді,</li> <li>• артқы-бүйірлік,</li> <li>• артқы-қалқалық,</li> <li>• қалқалық ЖА, Жүректің орналасу орны анықталмаған жіті трансмуральдық, инфаргі. Миокардтың трансмуралдық инфаргі, ЖА; Миокардтың жіті эндокард асты инфаргі; Миокардтың трансмуралдық емес инфаргі, ЖА</li> </ul>
8.	I60, I60.0 - I60.9	<p>Мидың торлы қабығы астына қан құйылу; <i>Кіргізілді:</i> ми тамырлары аневризмаларының жарылуы; <i>Шығарылды:</i> мидың торлы қабығының астына қан құйылудың салдарлары; (I69.0); Каротидтік койнау мен ашадан мидың торлы қабығының астына; қан құйылу; Милық ортаңғы артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Алдыңғы дәнекерлік артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Артқы дәнекерлік артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Негіздік артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Омыртқа артериясынан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Бас сүйек ішілік басқа артериялардан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Бас сүйек ішілік артериялардың көптеген зақымданулары; Бас сүйек ішілік анықталмаған артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу; Мидың жыртылған (туа біткен) жидек тәрізді аневризмасы, ЖА; Ми торлы қабығының астына келесі тамырлардан қан құйылу: • милық ЖА артериялардан, • дәнекерлік, Мидың торлы қабығының астына басқаша қан құйылу; Жұлынға қан құйылу; Мидың артерия-веналық ақауларының жыртылуы; Мидың торлы қабығының астына қан құйылу, анықталмаған Мидың жыртылған (туа біткен) аневризмасы ЖА</p>
9.	I61, I61.0 - I61.9	<p>Мидың ішіне қан құйылу; <i>Шығарылды:</i> миға қан құйылудың салдарлары (I69.1); Ми сыңары қыртысының астына қан құйылу; Мидың ішіне терең қан құйылу; Ми сыңарының қыртысына қан құйылу; Мидың үлестік қан құйылу; Мидың ішіне терең емес қан құйылу; Ми сыңарына қан құйылу, анықталмаған; Ми діңінің ішіне қан құйылу; Мишық ішіне қан құйылу; Ми қарыншасы ішіне қан құйылу; Мидың ішінде көп орынды қан құйылулар; Ми ішіне басқаша қан құйылу; Ми ішіне қан құйылу, анықталмаған;</p>
10.	I62.0, I62.1, I62.9, I62	<p>Бас сүйек ішіне жарақаттық емес басқаша қан, <i>Шығарылды:</i> бас сүйек ішілік қан құйылудың салдарлары (I69.2); Мидың қатты қабығының астына қан құйылу (жіті); (жарақаттық емес); Мидың қатты қабығының жарақаттық емес қан құйылулар; Мидың қатты қабығының астына жарақаттық емес қан құйылу; Бас сүйек ішілік қан құйылу, анықталмаған (жарақаттық емес)</p>
11.	I63, I63.0 - I63.9	<p>Ми инфаркті; <i>Кіргізілді:</i> ми инфаргін тудыратын церебралдық және прецеребралдық артериялардың бітелуі мен тарылуы <i>Шығарылды:</i> ми инфаргінен кейінгі асқынулар (I69.3); Прецеребралды артерияның тромбозы тудырған ми инфаргі Прецеребралды артерияның эмболиясы тудырған ми инфаргі; Прецеребралды артерияның анықталмаған бітелуі немесе тарылуы тудырған ми инфаргі; Ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаргі; Ми артерияларының эмболиясы тудырған ми инфаргі; Ми артерияларының анықталмаған бітелуі немесе тарылуы тудырған ми инфаргі; Ми веналарының тромбозы тудырған ми инфаргі, ірің текті емес; Мидың басқа инфаргі; Мидың анықталмаған инфаргі</p>
12.	I64	Қан құйылу немесе инфаркт ретінде анықталмаған миға қан құйылу
13.	I65, I65.0 - I65.9	<p>Ми инфаргін тудырмайтын прецеребралдық артерияның бітелуі мен тарылуы; <i>Кіргізілді:</i> эмболия, ми инфаргін, ырмайтын, тарылуы негіздік, ұйқы немесе омыртқа бітелуі (толық) (бөлігінің) артерияларының; <i>Шығарылды:</i> ми инфаргін тудыратын жағдайлар (I63.-); Омыртқа артериясының бітелуі мен тарылуы; Негізгі артерияның бітелуі мен тарылуы; Ұйқы артериясының бітелуі мен тарылуы; Прецеребралдық артерияның көптеген және екі жақтық бітелуі мен тарылуы; Басқа прецеребралдық артерияларның бітелуі мен тарылуы; Анықталмаған прецеребралдық артерияның бітелуі мен тарылуы; ЖА прецеребралдық артерияның</p>

14	I66, I66.0 - I66.9	Ми инфаргіне әкелмейтін ми артерияларының бітелуі мен тарылуы; <i>Кіргізілді:</i> құрылымының бұзылуы (толық) (ішін ара) ми инфаргін тудырмайтын, тарылуы ортаңғы, алдыңғы және артқы тромбоз, ми артериялары мен мишық, эмболия артериясының; <i>Шығарылды:</i> ми инфаргін тудыратын жағдайлар (I63.-); Милық артерияның ортаңғы бітелуі мен тарылуы; Милық алдыңғы артерияның бітелуі мен тарылуы; Милық артқы артерияның бітелуі мен тарылуы; Мишық артерияларының бітелуі мен тарылуы; Ми артерияларының көптеген және екі жақты бітелуі мен тарылуы; Мидың басқа артериясының бітелуі мен тарылуы; Тесіп өтетін артериялардың бітелуі мен тарылуы; Ми артериясының анықталмаған бітелуі мен тарылуы
----	-----------------------------	---

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2011 жылғы 1 маусымдағы  
№ 344 бұйрығына  
3-қосымша  
Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде көрсетілетін  
медициналық қызметтерге  
арналған тарифтер жасау мен  
шығындарды жоспарлау  
әдістемесіне 4-қосымша

**\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ ТОҚСАНДАҒЫ \_\_\_\_\_ ОБЛЫСЫ (Астана,  
Алматы қ.қ.) бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек  
индикаторларының мәніне әсер ететін жағдайлар бойынша келісім**

№	Индикаторлар БМСК	БМСК деңгейінде алдын алуға болатын ана өлім-жітімі жағдайларының үлес салмағы	Жүктілік мүлдем қарсы көрсетім болатын ЭГП бар ҰЖӘ жүктілік жағдайы	(15-18 жас) жасөспірімдік жағдайдағы жүктілік	Босандыруға қатысты аборт деңгейі	БМСК (ЖИИ, ЖРИ)	Өкпе туберкулезімен ауыратын науқастардың уақтылы диагностикаланбау жағдайларының саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1		алдыңғы есепті кезең						

	Жағдайлардың саны, абс.	есепті кезең						
2	Келісім							

\* Ескерту: келіскен жағдайда "Келісім" деген жолда "Келісілген" деп көрсетіледі, келіспеген жағдайда себептердің негіздемесі көрсетіледі

Денсаулық сақтау басқармасының бастығы \_\_\_\_\_ Қолы

Мөр

Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2011 жылы 1 маусымдағы  
№ 344 бұйрығына  
4-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау әдістемесіне 5-қосымша

**\_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ тоқсаны үшін облыс (Астана, Алматы қ.қ.) бойынша Бастапқы медициналық-санитариялық көмек тарифіне қосалқы компоненттің соммасын төлеу нәтижелері бойынша есебі**

БМСК саны	БМСК тарифіне қосымша компоненттің сомасы, мың теңге	Дәрігер қызметкерлер				Орта медицина қызметкерлері		
		Штаттық кестегесәйкес штаттық лауазымдардың саны	Жеке тұлғалардың саны	Ынталандырушы үстеме алған жеке тұлғалардың саны	сома, мың теңге	Штаттық кестеге сәйкес штаттық лауазымдардың саны	Жеке тұлғалардың саны	Ынталағ үстеме жеке тұлғала саны

Денсаулық сақтау басқармасының бастығы \_\_\_\_\_ Қолы

Мөр

Күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2011 жылғы 1 маусымдағы  
№ 344 бұйрығына  
5-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер жасау мен шығындарды жоспарлау әдістемесіне 6-қосымша



## Әрбір ұйымның индикаторлар мәнінің ықпалдасқан көрсеткішін балмен анықтау

1. нақты бір индикатор бойынша БМСК ұйымы қызметінің алдыңғы және ағымдағы есепті кезеңдерінің мәні анықталады – (И<sub>а</sub>; И<sub>ағ</sub>);

2. ағымдағы кезеңде қол жеткізілуі тиіс болатын мақсат анықталады:

$$M = I_a - I_{aг} * N,$$

егер индикатордың мәні динамикада төмендеуге есептелсе, мұнда N – көрсеткіштерді пайызда төмендету нормативтері, не

$$M = I_a + I_{aг} * N,$$

егер индикатордың мәні динамикада артуға есептелсе, мұнда N – көрсеткіштерді пайызда ұлғайту нормативтері, не

$$M = N,$$

егер көрсеткіш норматив бойынша белгілі мәнге жеткізілген болса;

3. индикатордың мақсаттан ауытқуы (МА) анықталады:

$$MA = M - I_{aг}$$

Мұнда МА теріс мәні мақсатқа қол жеткізілмегендігін, оң мәні – мақсаттың артығымен орындалғандығын, 0 - көрсеткіш дәл мақсатқа жеткендігін көрсетеді.

4. МА мәнінің негізінде мақсатқа қол жеткізуге қатысты индикатордың келтірілген көрсеткіші есептеледі. "Минусқа" ең төменгі ауытқу 0 деп, мақсатқа жету – 1, "плюске" ең төменгі ауытқу - 2 деп бағаланады. 0 мен 2-ге дейінгі интервалда мақсаттан ауытқу мына формула бойынша бағаланады:

$$КИК = 1 - MA/MA \text{ е.т.}$$

егер ауытқу "минус" болса

$$КИК = 1 + MA/MA \text{ е.т.}$$

егер ауытқу "плюс" болса

мұнда МА е.т. – барлық МҰ арасында "минусқа" ең төменгі ауытқу, МА е.ж. - барлық МҰ арасында "плюске" ең жоғарғы қатынас

5. салмақ коэффициентіне (СК) келтірілген көрсеткішті (КК) көбейту арқылы индикатор бойынша балдардың сомасы қосылады

$$C = KK * CK$$

6. тұтасымен барлық индикаторларға сипатталған 1-4-қадамдар қайталанады;

7. МҰ бойынша келтірілген индикатор көрсеткіштерінің мәні қосылады, сонымен МҰ қосынды көрсеткішін аламыз:

$$ҚК =$$

$\sum$   
С.

№ 344 бұйрығына  
6-қосымша  
Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде көрсетілетін  
медициналық қызметтерге  
арналған тарифтер жасау мен  
шығындарды жоспарлау  
әдістемесіне 7-қосымша

## **Бастапқы медициналық-санитариялық көмек әрбір ұйымы үшін ынталандыратын үстеме сомасын анықтау, теңгемен**

1. бекітілген халықтың ең төменгі санына осы МҰ бекітілген халық санын бөлу арқылы бекітілген халық санының коэффициенті анықталады:

$$K_x = H / H_{e.t.}$$

2. барлық МҰ бойынша қосынды көрсеткіштердің шамасы қосылады:

$$SKK =$$

$$\sum K_k * K_n$$

3. ағымды кезеңге сыйақы ставкасы нормасының (бұдан әрі - ССН) шамасы жоспарлы сыйақы сомасын (Ф) ағымдағы жылғы қосынды көрсеткіштері шамасының сомасына бөлу арқылы есептеледі:

$$CCN = \Phi / SKK$$

4. әрбір МҰ бойынша ынталандыратын үстемені әрбір МҰ бойынша ынталандыратын қосынды көрсеткішінің шамасын сыйақы ставкасы нормасына көбейту арқылы есептеледі:

$$ЫН = SKK * CCN$$